

КЕЛІСІЛДІ

Жамбыл облысы әкімдігінің білім
баскарамасының басшысы
Р. Садыркулов
2024ж

**БЕКІТІЛДІ**

«125 EDUCATION» ЖШС
директоры
М.М. Сарыбаев
«—» 2024ж



Математика пәні бойынша «Дарынды математик» атты облыстық олимпиадасының ережесі

Осы ереже 9 казақ сынып окушыларына ариалған математика пәні бойынша «Дарынды математик» атты облыстық олимпиадасының (бұдан әрі-олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, үйымдастыруын, откізу және қаржыландыру тәртібін, катысу мен олимпиада женімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

I. Жалпы ереже

- Олимпиаданы «Жамбыл Дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен және «125 EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестік мектептер желісі мен Жамбыл облыстық білім беру басқармалары бірлесе үйымдастырып откізеді.
- Олимпиаданың екінші кезеңіне жалпы орта білім беру үйымдарының окушылары катысады: әр қала/аудан/ бойынша бірінші кезеңнен іріктелген ең үздік жүлдегерлері катысады.
- Тапсырмаларды «125»EDUCATION мектебі дайындайды.
- Аудандық, облыстық кезеңдерді откізу жөніндегі нұсқаулықты «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы дайындал, бекітеді. Облыстық кезеңінің өткізуі кезінде сапалы және академиялық адалдықты сақтау үшін жауапкершілік облыстардың, қалалардың білім басқармаларының, «125 EDUCATION» жауапкершілік шектеулі серіктестік мектебінің, «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы басшысына жүктеледі.
- Олимпиаданың екінші (облыстық) кезеңін үйымдастыру және откізу үшін облыстың білім басқармасының басшысы үйымдастыру комитетін құрады және бекітеді. Облыстық үйымдастыру комитетінің құрамына үйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Төраға болып білім басқармаларының басшылары айқындалады.

Олимпиаданың облыстық кезеңінің үйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданың облыстық кезеңіне басшылықты жүзеге асырады;
 - Олимиаданың облыстық кезеңін өткізуі үйымдастырады;
 - Олимпиаданы өткізу орнын анықтайды;
 - Олимпиаданың екінші (облыстық) кезеңінің өткізуін үйлестіреді және бақылайды;
 - Олимпиаданың қорытындыларын талдайды және қорытындылайды;
 - Олимпиаданың қорытындылары туралы ақпаратты «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы жолдайды;
 - іс-шараны өткізуін ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін мүдделі емес «екінші тұлғаларды» (ата-аналар комитетінің өкілдері, журналистер, ғалымдар немесе ЖОО оқытушылары) шақырады.
 - Олимпиада кезінде академиялық адалдық қағидаларын сақтауға жауапты.
- Қазылар алқасы мүшелерінің құрамын және олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысушылардың тізімін облыстық, қалалық білім басқармалары бекітеді.



Сканировано с CamScanner

7. Олимпиаданың қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, тәжірибелі мұғалімдер кіруі мүмкін. Қазылар алқасының құрамына окушылары Олимпиаданың қалалық/ облыстық кезеңіне катысатын педагогтар мен жетекшілер кірмейді.

8. Олимпиаданың облыстық кезеңінің қазылар алқасы:

- тапсырмаларды бағалау критерийлеріне сәйкес жұмыстарды тексеруді үйімдастырады;
- облыстық кезеңінің женімпаздары мен жұлдегерлерін анықтайды;
- Олимпиада қатысушылары орындаған тапсырмаларды талқылайды және үйлестіреді;
- олимпиаданы тексеру және оның қорытындысын шыгару кезінде академиялық адалдық қагидаларының сақталуына жауап береді.

II. Олимпиаданы откізу тәртібі және оны үйімдастыру

1. Екінші (облыстық) кезең 2025 жылғы 17 қаңтар күні откізу кестесіне сәйкес екі турда өтеді.
2. Олимпиаданың облыстық кезеңіне 9 сынып окушылары катысады.
3. Олимпиаданы откізу рәсімдері бойынша үйімдастыру комитетінің кеңесі іс-шараға бір күн қалғанда өткізуі тиіс.
4. Олимпиадаға қатысатын окушылардың білім беру үйімінің басшысы окушының өмірі мен қауіпсіздігіне жауапты жетекшінің сүйемелденуімен окушылардың олимпиада өтетін орындарға жіберу туралы бұйрық шыгаруы тиіс.
5. Олимпиаданы откізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін жергілікті жерлерде мұдделі емес «үшінші тұлғалар» (ата-аналар комитетінің, қоғамдық үйімдардың өкілдері, журналисттер) қатысуға құқылы.
6. Олимпиаданың екінші кезеңінің ашықтығын және академиялық адалдығын сақтау үшін оны откізу процесін онлайн режимінде қару үшін бейне бақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.
7. Олимпиадаға қатысушылардың жұмыс орындары қатысушыларға тен жағдайларды қамтамасыз етуі және Олимпиаданы откізу кезінде қолданылып жүрген сантарлық эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес келуі тиіс.
8. Қатысушыларға тапсырмаларды ұжымдық шешуге, сондай-ақ тапсырмаларды бөгде адамдарға беруге тыйым салынады. Элеуметтік желілерде немесе интернат-ресурстарда қатысушы таңбаланған Олимпиаданың тапсырмалары анықталған жағдайда, тапсырмалардың інтижелерін тарату фактісін анықталған уақытқа қарамастан жұмыстар жойылады. Бұзышылықтар болған жағдайда тапсырмалардың сақталуы мен қупиялылығы үшін барлық жауапты тұлғалар жауапқа тартылуға тиіс.
9. Олимпиада турларын откізу кезінде қатысушыларға бір-бірімен сөйлесуге, аудитория бойынша еркін жүріп-тұруға тыйым салынады.
10. Олимпиада туры аяқталғаннан кейін Облыстық кезеңінің қазылар алқасы:
 - орындалған Олимпиадалық тапсырмаларды жарияланған критерийлер мен бағалау әдістемелеріне сәйкес бағалайды;
 - Олимпиада женімпаздары мен жұлдегерлерін анықтайды;
 - Олимпиада үйімдастырушысына інтижелерді (хаттамаларды) және оларды бекіту үшін есептерді ұсынады.
11. Интернетте немесе әлуметтік желілерде тапсырмаларды таратуға жол берілмейді.
12. Қатысушылардың жауап парактары Олимпиаданың соңғы кезеңі аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.
13. Олимпиадаға қатысушы өздерінің дербес деректерін өңдеуге: орындалған тапсырмаларды жинауга, жүйелеуге, сақтауга, аудиожазба мен бейне түсірілімді жүргізуге және сақтауга,



олимпиада нәтижелері бар хаттамаларды және турлардың бейнеле жазбаларын жариялауға келісім береді;

4. Олимпиаданы қорытындылау

5.1. Олимпиада корытындысы бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады: қатысуышылардың жалпы 45 пайзызы диплом, грамотамен марапатталады. Олимпиаданың барлық қатысуышыларына сертификат табысталады.

5.2. Олимпиаданың барлық қатысуышыларының қорытындысы «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының Instagram және Facebook алеуметтік желілерінде және «125»EDUCATION мектебінің Instagram паракшасына жарияланады.

5. Олимпиаданы қаржылық қамтамасыз ету

6.1. Олимпиаданы қаржылай қамтамасыз ету қол жетімді қаржылық ресурстар шеңберінде іске асырылады.

6.2. Олимпиадага қатысуга төлем өндіруге жол берілмейді.



Сканировано с CamScanner